

шешімдерін таба алатын қабілет иесі, қолданған білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім иесі болып табылады.

Қорыта келе, оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Ұстаздың шеберлігі, яғни жауапкершілік пен шығармашылықты ұштастырып сабақ өтуі – бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Қазіргі білім саласындағы телегей өзгерістер ұстаздың әр сабақ процесін жан-жақты шеберлікпен өткізілуін талап етеді. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені.

Әдебиеттер:

1. Құрман Н., Есенова Г. Қазақ тілінен коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесінің ғылыми-әдістемелік негіздері. - Ақтөбе, 2010.

2. Қ.Бітібаева. Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары. - Алматы: «Жазушы», 1990.

Аралбаева Г.Ә.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

ҚАШЫҚТАН ОҚИТУ ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ДАМУЫ АӘІС-ТӘСІЛДЕРІ

Аннотация. Бұл мақалада «сыни ойлау» түсінігі, оны үш кезендік үдерісі і және бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын дамыту әдіс-тәсілдері қарастырылған. Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауына түрткі болатын тілдік дағдыларын дамыту үдерісінде мұғалімнің оларға қолдау көрсетуге көмектесе алатын тәсілдері келтірілген.

Кілт сөздер: қашықтан оқыту, сыни ойлау, дамыту, білім сапасы, әдістер, тәсілдер.

Елімізде қашықтан оқыту технологиясының маңызы күннен күнге артып отыр.

Білім беруде цифрландыруды дамытуға карантиндік шаралар мен қашықтан жұмыс істеу форматына шұғыл көшу қуатты серпін болды. Нәтижесінде 2020 жылдың өзінде оқушылар мен мұғалімдерге 500-ден астам компьютерлік техника сатып алынып, таратылды. Оқушылардың 1 оқу компьютеріне арақатынасы «1-еуі 11-не»-ден «1-еуі 5-еуіне» ауысты.

Цифрландыру барлық ақпараттық жүйелерге әсер етті, өйткені онда деректермен алмасу, яғни верификаттау, толтыруларға жүктемені азайту, жеделділік және т.б. үшін интеграциялық процестер іске қосылды. Білім саласында бірыңғай интеграцияланған онлайн білім беру жүйесін енгізу басталды[1].

Қашықтан оқыту жағдайында оқушылардың логикалық ойлауын қамтамасыз ету, ой-өрісін шындай отырып, өмірге көзқарасын қалыптастыру, ғылымға қызықтырып, оқушыға беретін тапсырмаларда дәлелдейтін, түсіндіретін, пікірмен келісетін, келіспейтін, ұсыныс енгізетін, сын көзбен қарайтын, баланы жан-жақты ойландыратын жұмыстар болуы керектігі маңызды. Қашықтан оқыту жағдайында да баланың сыни ойлауын дамыту басты назарда болғаны абзал.

Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы Америка құрама штаттарында (АҚШ) ХХ ғасырдың соңында дамыды. Сыни тұрғыдан ойлау ұғымына мыналар жатады: ақпаратты саналы қабылдау және оны зерттеудің әр түрлі тәсілдерін қарастыру қабілеттілігі, сұрақтар қою, өз бетінше қорытынды жасау, жаңа мәселелерді тұжырымдау, нақты алған білімнің қалай болатынын түсіну, стандартты және стандартты емес жағдайларды қолдану.

Орыс зерттеушісі Е.И. Федотовская технология атауына «сыни» дегенді қосып, оның бағлау компоненті, яғни объектінің жағымды және жағымсыз баға беру қабілетін қамтитынын атап өтеді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының түпкі мақсаты – оқушының бойында тек оқу кезінде ғана емес, өмірде де қажетті ойлау дағдыларын дамыту (салмақты шешімдер қабылдай білу, ақпараттармен жұмыс істеу, құбылыстардың әртүрлі қырларын талдау және т.с.с.).

Технологияның негізі:

- М.Бахтин – В.Библер мәдениеттің диалогтық тұжырымдамасы
- Л.Выготскийдің, Ж.Пиаженің және т.б. психологиялық зерттеулері
- Ш.Амонашвилидің ынтымақтастық педагогикасы

«Сын тұрғысынан ойлау» ұғымына берілген анықтамаларға талдау жасалды. Р.Пол: «Ұйымдасқан, тиімді, өздігінен бағытталған ойлау, ол білімнің немесе адам мүдделерінің кейбір

салаларында ойлау мақсатын шебер көздейді» десе, . Зар-Бек: «Таптаурындарды мойындамайтын, өмірлік жеке тәжірибеге жаңа ақпараттарды кіріктіру жолымен дами түсетін ашық ойлау», ал Эннис көз жеткен сенімдер мен шешімдер қабылдау үшін бағдар бола алатын, аргументтерді [ақпараттарды] бағалау немесе ұсыныстар мен ойларды ортаға салу жөніндегі тәртіпке келтірілген, ақыл-ой қызметі деп санайды.

«Сын тұрғысынан ойлаушылар: пікірлер мен фактілердің арасындағы өзгешелікті көреді; сұрақтар қояды; егжей-тегжейлі бақылаулар жүргізеді; болжалдардың мағынасын ашады және олардың терминдерін анықтайды; логикалық және нақты дәлелдердің негізінде логикалық түйіндер жасайды (Эллис Д).

Когнитивтік техникалар мен стратегияларды пайдалану күтілетін нәтижеге қол жеткізудің ықтималдығын арттырады. Ойлау бақыланатындығымен, негізделетіндігімен, мақсатқа бағытталатындығымен ерекшеленеді, - ойлаудың мұндай түріне мәселелерді шешу кезінде, қорытындылар жасауда, ықтимал баға беруде және шешімдер қабылдауда жүгінеді (Халперн Д.). Зерттеуші М.Кларин сыни тұрғыдан ойлауды «Неге сену керек немесе қандай іс-әрекет жасау керек деген шешімге бағытталған рационалды, рефлексивті ойлау», -деп түйіндейді.

Сыни тұрғыдан ойлау бойынша оқыту принциптері:

- Оқушының өз біліміндегі басты элементтерді таңдау еркіндігі принципі.
- Білім мазмұнының метапәндік негіздері принципі.
- Білім беру қызметінің зерделенетін пәнге сәйкестік принципі.
- Жалпыға танылған баламаларға қатысты оқушының білім беру өнімінің алғашқылық принципі.

- Қолдай отырып оқыту принципі.
- Нәтижелі білім принципі.
- Рефлексивтік өзін-өзі түйсіну принципі.

Сыни ойлаудың сипаттамалары:

- бақыланушылық
- негізделушілік
- мақсатқа бағыттылық
- Логикалық ой-пікірлер қалыптастыру (Simon & Kaplan, 1989)
- Өзара келісілген логикалық модельдер жасау (Stahl & Stahl, 1991)
- Қандай да бір пікірді қабылдамауға, қолдауға немесе қарастырылуын кейінге қалдыра тұруға қатысты негізді шешімдер қабылдау (Moore & Parker, 1994)

Сыни ойлаудың 5 сипаттамасы бар (Д. Клустер):

- Дербес ойлау;
- Жалпылама ойлау;
- Проблемалық немесе бағалаушылық ойлау;
- Аргументтелген ойлау;
- Әлеуметтік ойлау.

Сыни ойлау моделінің негізін үш кезеңді үдеріс құрайды: миға шабуыл-мазмұнын санадан өткізу-рефлексия. Бірінші кезеңде оқушылар зерттелетін тақырып бойынша алған білімі мен тәжірибесін жаңартып, жүйелеп, талдап және қорытындылайды, сондай-ақ болашақ жұмысының мақсаттарын тұжырымдап және жауап алғысы келетін сұрақтарды реттейді. Нәтижесінде ары қарай зерттеу мотиві қалыптасады. Екінші кезеңде оқушылар жаңа ақпаратты (мәтіннен, мұғалімнің сөзінен, бейнематериалдардан және т.б.) алады, оны түсінеді, бар немесе бұрын қабылданған идеялармен немесе бұрын алған тәжірибемен салыстырады, миға шабуыл кезеңіндегі қойылған мақсаттарға түзетулер енгізілуі мүмкін. Мұғалім бұл кезде, оқушылардың жаңа ақпаратты түсінуін қадағалайды. Үшінші кезеңде алынған ақпаратты қорытындылау, санадан өткізу, сондай-ақ оқушыларды алынған білімге қатынасы, өз көзқарасын дәлелдеу жүзеге асады.

Өз практикамызда оқушылардың сыни ойлауына түрткі болатын тілдік дағдыларын дамыту үдерісінде мұғалімнің оларға қолдау көрсетуге көмектесе алатын мына тәсілдерді қолданамыз:

- сөздіктерді пайдалану;
- сөздік парақтары;
- оқушыларды топтастыру;
- мұғалімнің қолдауы/басшылығы;
- тапсырмаларды жобалау;
- тапсырманы таңдау;
- сауалнама.

Когнитивтік біліктер мен дағдылар кешені, олар сыни ойлау қабілеті бар адамның төмендегідей қырларын көздейді:

- Өз ойларын анық, сенімді және маңайындағы адамдарға қатысты әдептілікпен жеткізе біледі (ауызша және жазбаша);

- Өз пікірін аргументтермен дәлелдей алады және өзгелердің де пікірлерін ескере біледі;

- Білімнің әртүрлі салаларындағы барған сайын көбейе беретін және әрдайым өзгеріп отыратын ақпараттар ағынымен жұмыс жасай алады; маңызды ақпараттарды мәнсіз ақпараттардан ажырата алады;

- Білімнің шығу тегін, оның дәйектілігін және шындыққа жанасатындығын бағамдай біледі;

- Проблемаларға деген көзқарастардың әр алуандылығын ескере біледі; кез келген ақпараттың жағдаяттың астарын назарда ұстайды;

Когнитивтік әдістер:

- Эмпатия әдісі.

- Мағыналық көру әдісі.

- Символикалық көру әдісі.

- Эвристикалық сұрақтар әдісі.

- Салыстыру әдісі.

- Эвристикалық бақылау әдісі.

- Фактілер әдісі.

- Зерттеу әдісі.

- Ұғымдарды конструкциялау әдісі.

- Қағидаларды конструкциялау әдісі.

- Болжам (Гипотеза) әдісі.

- Болжау әдісі.

- Қателер әдісі.

- Теорияларды конструкциялау әдісі.

Рефлексивтік кезеңде алынатын нәтижелер былайша бөлінеді:

- ▶ когнитивтік (идеялар, нұсқалар, гипотезалар, проблемалар, эксперименттер, зерттеулер)

- ▶ креативтік (жобалар, шығармалар, трактаттар, конструкциялар, картиналар, қолөнер бұйымдары)

- ▶ Ұйымдастырушылық-қызметтік (жеке мақсаттар, қызмет тәсілдері, сабақтардың бағдарламалары, рефлексивті нәтижелер)

Сыни ойлау технологиясы жүзеге асырылған оқу үдерісі ақпаратты үйренудің ғылыми негізделген тәсілдеріне құрылады.

Сонымен, сыни ойлау технологиясын қолдану .аналитикалық, когнитивтік және рефлексивтік дағдыларды, сонымен қатар коммуникативтік дағдыларды дамытуға септігін тигізері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941>

2. Пунтус Е. В. Возможности технологии развития критического мышления в формировании инструментальных компетенций у студентов на занятиях по гуманитарным дисциплинам / Е. В. Пунтус // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. – 2011. – №7.

3. Шакирова, Д. М. Формирование критического мышления учащихся и студентов в условиях модернизации образования / Д. М. Шакирова, Н. Ф. Плотникова. – Казань: Изд-во Казан. гос. ун-та, 2004. – 58 с.